



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

**Ішкі нормативтік құжаттарды
күшіне енгізу туралы**

Университеттің ішкі нормативтік базасын жетілдіру, құрылымдық бөлімшелердің қызметін ретке келтіру және ережелер мен рәсімдерді бірізді қолдануды қамтамасыз ету мақсатында, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес «Докторлық, магистерлік диссертацияларды/жобаларды, монографиялар мен ғылыми мақалаларды, оқулықтар мен оқу құралдарын және дипломдық жұмыстарды/ жобаларды бөтен мәтінді пайдалануға тексеруді қолдану туралы Ереже күшіне енгізілсін.
2. Құжаттамалық қамтамасыз ету және архив бөлімінің міндетін атқарушы меңгерушісі М.Б.Базархановаға қамтамасыз ету:
 - 1) осы бұйрықты «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның электрондық құжат айналымы жүйесінде тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшелердің барлық басшыларына осы бұйрықтың электрондық нұсқасын және онда көрсетілген ішкі нормативтік құжаттарды тиісті құрылымдық бөлімшелердің жұмысында қолдану үшін жіберуді;
 - 3) осы бұйрықты «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 4) осы бұйрық тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар басқармасына ұсынуды.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Аппарат басшысы Бердалиева Г.К.-ға жүктелсін.





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

750-а

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.

Д.М.Абдрашева

**Ішкі нормативтік құжаттарды
күшіне енгізу туралы бұйрыққа
Қосымша1**

**Докторлық, магистерлік диссертацияларды/жобаларды,
монографиялар мен ғылыми мақалаларды, оқулықтар мен оқу
құралдарын және дипломдық жұмыстарды/ жобаларды бөтен мәтінді
пайдалануға тексеруді қолдану туралы Ереже**

1. Қолдану аймағы

Бұл Ереже докторлық, магистрлік диссертациялардың / жобалардың, монографиялар мен ғылыми мақалалардың, оқулықтар мен оқу құралдарының, студенттердің дипломдық жұмыстарының/жобаларының тәуелсіздік дәрежесін бағалау, сондай-ақ докторанттардың, магистранттардың, студенттердің өзіндік тәртіптілік деңгейін және зияткерлік меншік құқығының сақталуын арттыру мақсатында енгізілген.

Бөтен мәтінді пайдалануға тексеру жүйесін қолдану тәртібін, ғылыми жетекшінің және докторанттың, магистранттың, студенттің жауапкершілік дәреже-сін және осы Ереженің шарттарын сақтамағаны үшін оларға қолданылатын санкцияларды анықтайды, сонымен қатар тиісті заң бұзушылықтар анықталған кезде оқытушылар мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әкімшілігінің әрекеттерін реттейді.

1. Нормативтік сілтемелер

Осы ережелерге сәйкес әзірленді:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;



Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, АБДРАШЕВА ДАНА, "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, BIN960540000620



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» № 127 бұйрығы.

2. Анықтамалар мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- **бакалавриат** – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін тағайындайтын кадрларды даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;
- **білім алушыларды қорытынды аттестаттау** – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген олардың оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау үшін жүргізілетін рәсім;
- **ғылыми мақала** – қандай бір ғылыми еңбектің, шығармашылық жұмыстың нәтижесі жайлы мәлімет беретін шығарма;
- **дипломдық жұмыс/жоба** – бұл білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін студенттің өзекті мәселені өз бетімен зерттеу нәтижелерін қорыту болып табылатын дипломдық жұмыс;
- **магистратура** – бұл тиісті БББ бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріле отырып, ғылыми, ғылыми-педагогикалық және басқарушылық кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқу жоспары;
- **докторантура** – жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрларды – ғылым докторларын даярлау бөлімі;
- **магистрлік диссертация** – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы, өз бетінше зерттеу жүргізуді білдіреді, онда таңдап алынған мамандық саласында ғылымның заманауи теориялық,





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

750-а

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген өзекті проблеманы теориялық және/немесе практикалық әзірлеу қамтылады;

– **докторлық диссертация** (лат. dissertatio – талдау, зерттеу) – ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғауға даярланған ғылыми еңбек;

– **монография** – белгілі бір тақырыпты жан-жақты зерттейтін ғылыми еңбек;

– **плагиат** – біреудің идеяларын немесе өнертабыстарының авторлығын қасақана иемдену және біреудің ғылыми немесе өнер туындысын өз атына жариялау, біреудің шығармаларының фрагменттерін қайнар көзін көрсетпей алу, көшіріп алу.

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

– **Қорқыт Ата атындағы ҚУ** – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

4. Жалпы ережелер

Докторлық, магистрлік диссертациялар мен дипломдық жұмыстарда / жобаларда, ғалымдар монографиясында, ғылыми мақалаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында дереккөзге сілтеме жасалмаған ақпарат алу дәрежесін анықтау үшін Қорқыт ата атындағы ҚУ бөтен мәтінге пайдалануға тексеру жүйесі (келісім шарт №3, 2025-01-10) қолданылады.

Әр БББ бойынша докторлық, магистрлік диссертациялар, монографиялар, ғылыми мақалалар мен дипломдық жұмыстарын / жобаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын тексеруді ұйымдастыруды сәйкесінше плагиатқа қарсы норма бойынша Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы және Ғылым департаменті, Редакциялық-баспа бөлімі жүзеге асырады.

Бөтен мәтінді пайдалануға тексеру жүйесін орнату және пайдалану тәртібі жүйе администраторы басшылығымен анықталады.

5. Бөтен мәтінді пайдалануға тексеру жүйесін қолдану тәртібі





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

Докторлық, магистрлік диссертацияны, оқулықтар мен оқу құралдарын автор/докторант/магистрант/ПОҚ «.doc» немесе «.pdf» форматтарындағы бөтен мәтінді пайдалануға тексеру үшін Ғылым департаментіне ұсынады.

Диплом жұмысын/жобасының «.doc» немесе «.pdf» форматтарындағы нұс-қасын студент бөтен мәтінді пайдалануға тексеру жүйесін үшін Білім беру бағ-дарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасына ұсынады.

<https://vestnik.korkyt.kz/> сайтына келген мақаланың «.doc» немесе «.pdf» форматтарындағы нұсқасын Редакциялық-баспа бөлімі бөтен мәтінді пайдалануға тексереді. Университеттің ғылыми журналдарына ұсынылған ғылыми мақалалар, сондай-ақ Ғылыми-техникалық кеңесте қарауға ұсынылатын монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары және басқа да жұмыстар бірінші кезекте антиплагиат бағдарламасынан өтеді.

Докторлық, магистрлік диссертациялар мен диплом жұмыстарын/жобала-рын дайындау кезінде жасанды интеллект технологиясын қолдануға төмендегі жағдайлар ғана рұқсат етіледі:

- диссертация өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік, практи-калық құндылық пен академиялық адалдық принциптері сақтала отырып орындалады;

- өзі жазу принципі диссертацияны докторанттың өзі жазуын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесін танытады. Вариативті деректерді статистикалық іріктеу үшін жасанды интеллектіні қолдануға рұқсат етіледі;

- диссертацияны дайындау үшін жасанды интеллект технологияларын қолданған кезде оның ғылыми нәтижелерін, ережелерін, ұсынымдары мен қорытындыларын автор өз бетінше тұжырымдауы керек.

Жасанды интеллект технологиясын қолдану — жалпы докторлық, магистрлік диссертациялар мен диплом жұмыстарының/жобаларының, ғылыми мақалалар-дың әдебиеттер тізімі мен қосымшаларын қоспағанда жалпы жұмыс көлемінің 15 %-нан аспауы тиіс.





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

6. Докторлық, магистрлік диссертация мен дипломдық жұмыстарды / жобаларды бөтен мәтінді пайдалануға тексергеннен кейін қорғауға шығару бойынша атқарылатын жұмыс

Докторант, магистрант докторлық, магистрлік диссертацияны, ал студент дипломдық жұмысты/жобаны бөтен мәтінді пайдалануға тексеруге жібереді. Егер де бастапқы мәтіннің өзіндік ерекшелігі кемінде 70%-ы болса магистрант магистрлік диссертацияны, докторант докторлық диссертацияны қорғауға, студентке – 65% болса дипломдық жұмысты / жобаны қорғауға рұқсат етіледі.

Магистранттар магистрлік диссертацияны, студенттер дипломдық жұмыс/жобаны плагиатқа қарсы тексерудің нәтижесі бойынша тексерушіден анықтама талап етеді. Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы, Ғылым департаменті және редакциялық-баспа бөлімінің жауапты қызметкері диссертацияның және дипломдық жұмыстың/жобаның бөтен мәтінді пайдалануға тексеру нәтижесі бойынша білім алушыға анықтама шығарып беруге міндетті.

Магистрант магистрлік диссертация қорғауға дейін диссертацияның элек-трондық нұсқасын университеттің ғылыми кітапханасында – МегаПро элек-тронды кітапханасы жүйесіне енгізуге міндетті. Студент/магистрант Магистрлік диссертацияның аталмыш жүйеге енгізілгені туралы анықтама (1-Қосымша) алады. Анықтама мемлекеттік аттестаттау комиссиясына ұсынылған құжаттар-мен бірге тігіледі.

Докторлық, магистрлік диссертациясы қорғауға жіберілмеген докторант, магистрант, дипломдық жұмысты/жобаны қорғауға жіберілмеген студент оқу бағдарламасын аяқтамаған болып саналады. Докторлық, магистрлік диссертацияны бөтен мәтінді пайдалануға тексеру нәтижесі қорытынды бағаны қою кезінде ескерілуі мүмкін және қорытынды біліктілік жұмысына қоса беріледі.

7. Монографиялар мен ғылыми мақалаларды бөтен мәтінді пайдалануға тексергеннен кейінгі жұмыс тәртібі



Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, АБДРАШЕВА ДАНА, "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы, BIN960540000620



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

750-а

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ғалымдарының жасаған монографиялары мен Ғылыми журналдары редакциясына келіп түскен ғылыми мақалалар ғылыми бағыты нақтыланған соң бөтен мәтінді пайдалануға тексеріледі. Монографиялар мен ғылыми мақаланың ғылыми нәтижесі, талдауы, жалпы мақала құрылымының түпнұсқалылығы 80% - дан төмен болмауы керек. Осы талапқа сәйкес келген мақала жауапты редактордың тексеруіне өтеді. Егер мақаланың түпнұсқалылығы 80 % - дан төмен болса авторға толықтыру немесе жөндеу мақсатында бір рет қайтарылады. Екінші рет тексерілген мәтін қажетті көрсеткішті камтамасыз етсе, мақала редакция алқасының қарауына жіберіледі. Түпнұсқалығы екі рет тексерілсе де тиісті талапты қанағаттандырмаған мақала жарияланымға қабылданбайды.

Мақалада автор(лар)дың өздерінің ғылыми-зерттеу жұмысына сілтеме жасау деңгейі 20 % - дан аспаған жағдайда плагиат болып саналмайды.

Мәтіннің түпнұсқалылығын 80 %-дан жоғары болған жағдайда мақала тех-никалық редактордың өңдеуіне, одан әрі жауапты редакторлардың қарауына өткізіледі.

8. Жауапкершілік және өкілеттік

Автор (докторант, магистрант, студент, ПОҚ) докторлық, магистрлік диссертациясын, дипломдық жұмысын/жобасын, оқулықтар мен оқу құралын бөтен мәтінді пайдалануға тексеру үшін осы Ережеде белгіленген мерзімде ұсынуға жауапты. Бөтен мәтінді пайдалануға тексеруде жалған тәсілдермен (әріптерді ауыстыру, көрінбейтін белгілерді пайдалану және т.б.) асыра бағалаған докторант, магистрант, студент, егер диссертация, дипломдық жұмыс / жоба бұрын қорғалғаны дәлелденсе, қорғауға жол берілмейді.

Жоғарыда аталған басқарма, департамент, бөлім диссертацияны, дипломдық жұмысты / жобаны, оқулықтар мен оқу құралдарын, монографияны уақытында тексеруге, плагиат үшін қайта қарау және қайта тексеру туралы шешім қабылдауға, сонымен қатар докторлық, магистрлік диссертацияны, дипломдық жұмысты / жобаны қорғауға жіберуге жауапты.





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

Институт директоры плагиат фактісін анықтау туралы БББ жетекшісінің ұсынысы бойынша докторантқа, магистрантқа, студентке қатысты тәртіптік жазаның түрін белгілейді.

Бітіруші БББ жетекшісі бөтен мәтінді пайдалануға тексерілген магистрлік диссертациялардың электрондық нұсқасын магистрлік диссертацияларды қорғауға арналған мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей береді.

Ғылыми журналдарға мақала беруші авторлар мәтіннің түпнұсқалылығына жауапты болуы керек. Тексерілген ғылыми мақалалардың анықтамалары жауап-ты редактордың ары қарай жұмысы үшін баспадан шығарылып, арнайы папкаға тігіледі.

Жүйенің әкімшілігі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі бөтен мәтінді пайдалануға тексеру базасының ақпараттық қауіпсіздігіне жауап береді.

Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқар-масы, Ғылым департаменті және редакциялық-баспа бөлімі осы Ереженің талаптарын сақтауды міндетті.

9. Жазбаша жұмыстарды тексеру тәртібі

Жарияланымдар:

- оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, оқу және ғылыми-әдістемелік басылымдарға арналған мәтіннің түпнұсқалығы 65%-дан кем емес;
- ПОҚ монографиялары, мақалалары үшін мәтіннің түпнұсқалығы 80%-дан кем емес.

10. Қорытынды ережелер

Осы Ережеде реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты осы Ереженің жекелеген тармақтары олармен қайшылыққа түссе, бұл тармақтар өз күшін жояды және осы Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Университет





БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

17.12.2025.

Қызылорда қаласы

750-а

город Кызылорда

Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Осы Ереже Редакциялау-баспа бөлімімен әзірленіп, Ғылыми кеңестің отырысында қаралып, бекітілді (2025 жылғы 23 қазандағы №4 хаттама).

Қосымша 1

А Н Ы Қ Т А М А

_____ оқу тобының магистранты
_____ « _____ »
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының электронды нұсқасы
университет кітапханасының электронды базасына _____ енгізілді.
Анықтама қорытынды аттестациялау комиссиясына берілді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің ғылыми кітапхана
директоры

Г.Ә.Сатбаева

